БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ ОТДЕЛ ЭКОНОМИКИ И БЮДЖЕТНОГО ПЛАНИРОВАНИЯ АКИМАТА БАЙЗАКСКОГО РАЙОНА

080100, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі, 107
Тел.: 8 (72637) 2-10-62
Тел./факс: 8 (72637) 2-22-70

080100, село Сарыкемер, улица Байзак батыра, 107
Тел.: 8 (72637) 2-10-62
Тел./факс: 8 (72637) 2-22-70

04.04.2025 жыл № 7-1-175

«ХТГ-Транс Астана»
ЖШС БИН 080640012108
Түркістан қаласы квартал 0931222

«Байзақ ауданы әкімдігінің экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» КММ-сі ашық конкурс тәсілімен жүзеге асырылған № 14266629-1 мемлекеттік сатып алу бойынша Сіздің,2025 жылдың 01 сәуірдегі № 251180 мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жолданған шағымыңызды қарап, келесі жауапты қосымшаға сәйкес жолдаймын.

Қосымша: 1 парақта.

Бөлім басшысы **Д. Жақыпбеков**

Орынд. И. Онласынова
тел.: 872632-19-49

000292

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНылАДы. Қызмет бабындағы мәліметтерді қамтитын хабарламалар шектеулі мөлшерде жасалады. Белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛГЕН ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 09.10.2024 ж. №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 590-тармағына сәйкес (бұдан әрі - Қағида), Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің шағымдарын қарауға жауапты құрылымдық бөлімше (бұдан әрі-лауазымды тұлға) осы мемлекеттік сатып алуға қатысушыдан №14266629-1 конкурс қорытындысына келіп түскен "ХТГ-Транс Астана" ЖШС-нің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы 01.04.2025 ж., №251180 болып тіркелген шағымды мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қарап, төмендегілерді хабарлайды.

Шағым қаралды, шағым қанағаттандырылуға, ал өткізілген сатып алу мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқанға дейін мынадай негіздер бойынша күшін жоюға жатады.

Жылдық жоспар тармағының лоты (сатып алу нысанасы) мәліметтерін зерделеу арқылы тапсырыс беруші жылдық жоспарда «автомобиль жолдарын орташа жөндеуді техникалық қадағалау жөніндегі қызметтер» сатып алу белгісін көрсетпегені анықталды.

Осылайша, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 01.07.2024 ж. №106-VIII Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының және Қағидалардың 91, 94-тармақтарының бұзылуына жол берілді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылауды жүргізу қағидаларына 3 – қосымшаның № 18 тәуекел бейініне сәйкес-демпингтік бағаны есептеуді заңсыз қолдануға/қолданбауға жол берілді, бұл мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін мемлекеттік сатып алудың күшін жоюға әкеп соғады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою жөнінде шаралар қабылдауы және Заңға сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін келтіруі қажет.

Анықталған бұзушылықтар камералдық бақылау жүргізу қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес жойылуға тиіс. "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 207-бабы ескертпелерінің 2-тармағына сәйкес, лауазымды адам камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама бақылау объектісіне табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жойған жағдайда, осы бапта көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.